

Сақтандыру нарығында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру, актуарийдің біліктілік емтиханын тапсыру, актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген есептердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 120. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 6 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1532. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 151 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 151 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.02.2014 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру нарығында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру, актуарийдің біліктілік емтиханын тапсыру, актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген есептердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.02.2014 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына ж і б е р с і н .

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 38 қаулысымен, 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А.Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 20 сәуірдегі
N 120 қаулысымен
бекітілген

Сақтандыру нарығында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру, актуарийдің біліктілік емтиханын тапсыру, актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген есептердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидалары

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.02.2014 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Барлық мәтін бойынша "кандидаттың", "кандидат", "кандидатқа" деген сөздер "өтініш берушінің", "өтініш беруші", "өтініш берушіге" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз), барлық мәтін бойынша "қайтарып алу", "қайтарып алуларды", "қайтарып алу туралы" деген сөздер тиісінше "айыру", "айыруларды", "айыру туралы" деген сөздермен ауыстырылды - 2005.05.28. N 153, 2007.04.30. N 119 (қаулы "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңы қолданысқа енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Сақтандыру нарығында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру, актуарийдің біліктілік емтиханын тапсыру, актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген актуарлық есептердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидалары "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және сақтандыру нарығында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру, актуарийдің біліктілік емтиханын тапсыру, актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген актуарлық есептердің шынайылығын тексеру нәтижелерін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік орган) жіберу тәртібін, сондай-ақ актуарийлердің халықаралық қауымдастықтарының тізбесі мен оларға қойылатын талаптарды айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.02.2014 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Актуарийлік қызмет Заңға, уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілеріне және актуарийлік қызметті жүзеге асырудың халықаралық принциптеріне (стандарттарына) сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.09.03 № 132 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының аумағында актуарийлік қызметті жүзеге асыруға лицензия (бұдан әрі - лицензия) беру уәкілеттігі бар бірден-бір лицензиар болып табылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

4. Лицензия иеліктен алынбайтын, яғни лицензиат басқа жеке және заңды тұлғаларға бермейтін болып табылады және Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

5. Лицензиясы бар жеке адам актуарий ретінде қызмет етуге құқылы.

6. Актуарийдің лицензия ережелерін сақтауына уәкілетті мемлекеттік орган бақылау жасайды.

2. Актуарийлік қызмет

7. Актуарийлік қызметтің міндеті сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігінің қажетті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер мөлшерін экономикалық-математикалық есептеуді жүзеге асыру болып табылады.

Актуарийдің қызметіне мынадай қызметтер көрсету кіреді:

1) сақтандыру резервтерін қалыптастыру әдістері мен көздері жөнінде консультациялар мен нұсқамалар;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық тұрақтылығын және төлем қабілеттілігін бағалауға байланысты мәселелер бойынша қызметтер;

3) сақтандыру тарифтерін есептеу методологиясы мен экономикалық негіздемелер әзірлеу;

4) заңнамада қабылданған сақтандыруды жіктеуге сәйкес сақтандыру тәуекелдерін зерттеу және жүйелеу;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру ережелерінде көрсетілген сақтандыруды жүзеге асыру жөніндегі талаптарды экономикалық негіздеуді бағалау;

6) сақтанушыларға жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша берілетін заемдар мөлшерін айқындау;

7) актуарийлік есептеулер мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсету;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған қаржы рыногындағы өзге де қызметтер.

8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қабылданған сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуі үшін актуарий есептеген көлемде қалыптастырылған сақтандыру резерві міндетті түрде болуы тиіс.

9. Актуарийлік есептеулерді мынадай түрлерге бөлуге болады:

1) міндеттілік дәрежесі бойынша:

міндетті - есепті жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша бірінші жарты жылдықта, есепті жылдың 15 тамызына дейінгі мерзімде уәкілетті мемлекеттік органға ұсынылатын, сондай-ақ Заң талаптарын ескере отырып және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге жағдайларда есепті жылда 1 қаңтардағы жағдай бойынша есептіден кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейінгі

мерзімде уәкілетті мемлекеттік органға ұсынып, жүзеге асырылатын;
бастамамен - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының бастамасы бойынша жүзеге асырылатын;

2) сақтандыру саласына (сыныбына) жатқызылуына байланысты және қайта сақтандыру бойынша - "өмірді сақтандыру" саласы немесе "жалпы сақтандыру" саласы бойынша, қайта сақтандыру немесе Заңмен белгіленген жіктеуге сәйкес сыныптар бойынша жүзеге асырылатын;

3) жасалу мақсаты бойынша:

есепті - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен есеп беру кезеңі ішінде жасалған және есеп беру кезеңінің аяғында жарамды болатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есеп берілетін күні жүзеге асырылатын;

жоспарлы - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тәжірибесіне уәкілетті мемлекеттік органмен келісілген сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандырудың жаңа сыныбы бойынша сақтандыруды (қайта сақтандыруды) енгізу кезінде;

кейінгі - бұрын жүргізілген актуарийлік есептеулерді түзету мақсатында;

4) қолданылу масштабы бойынша:

жалпы - Қазақстан Республикасының барлық аумағында, сондай-ақ одан тысқары жерлерде пайдалануға есептелген

аймақтық - Қазақстан Республикасының жекелеген облыстары мен аймақтары үшін жасалған;

жеке - жекелеген сақтанушының немесе сақтанушылар тобының (заңды және/немесе жеке тұлғалар) деректері бойынша орындалған.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.02.16 N 38, 2007.11.30 N 254 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерінің мөлшерін актуарийлік бағалау толық болуына және объективтілік принциптеріне негізделеді және актуарий қорытындысы нысанында ресімделеді.

Актуарий міндетті немесе бастамалық актуарийлік есептеулер шегінде жүргізілген сақтандыру резервтерінің талап етілетін мөлшерін бағалауға байланысты жасаған актуарийлік қорытынды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы міндетті түрде орындауы қажет.

11. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы толық және объективті түрде актуарийлік қорытынды жасау үшін актуарийге өзінде бар құжаттарды (деректерді) және олар қосымша сұратқан негізгі сақтандыру қызметіне қатысты, актуарийге актуарийлік есептемелер жасау қажетті деректерді ұсынады.

12. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының негізгі қызметіне актуарийлік бағалауды өткізу нәтижелері бойынша жасалған актуарийлік қорытындыда:

актуарийлік есеп айырысуларды модельдеу мен жүзеге асыру әдістемесінің,
прициптерінің сипаттамасы;

актуарийлік есеп айырысуларда қолданылған статистикалық және өзге де
деректер;

электрондық жеткізушідегі қолданылып жүрген сақтандыру (қайта
сақтандыру) шарттарын есепке алу журналының көшірмесі;
электрондық жеткізушідегі есепті кезеңде жарияланған шығындарды есепке
алу журналының көшірмесі;

қолданылып жүрген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша
сақтандыру сыйлықақыларының, сақтандыру резервтерін есептеген кезде
қолданылатын, оның ішінде сақтандырудың ерікті және міндетті нысандары
бойынша жеке есепті кезеңде жарияланған шығындардың жалпы мөлшері;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында қосымша тәуекелдің болуы немесе
болмауы туралы қорытынды. Қосымша тәуекел болған жағдайда қажетті
қосымша резервтердің мөлшерін көрсету қажет;

өмірді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру резервтерін есептеген
кезде қолданылатын өлім-жітім кестесі (қалыптасу көзі, құру әдістемесі)
жөніндегі қорытынды;

тартылған мамандар тарапынан актуарий алған көмектің сипаты; актуарийдің
қарауы бойынша актуарийлік қорытындыға енгізілуге жататын өзге де
материалдар болуы тиіс.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық
ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.02.16
N 38, өзгерту енгізілді - 2007.11.30 N 254 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен
бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.**

13. Актуарийлік қорытынды кемінде үш дана етіп N 1 Қосымшаға сәйкес үлгі
нысанға сәйкес ресімделеді және актуарийдің өзі қол қояды.

Актуарийлік қорытындының бір данасы актуарийде сақталады, бір данасы
уәкілетті мемлекеттік органға беріледі (міндетті актуарийлік қорытынды
жасалғанда), ал қалғаны - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқаруына
беріледі.

14. А к т у а р и й :

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық есебімен және
актуарийлік есептеулер жүргізу не актуарийлік қызметті жүзеге асыру кезінде
заңнамада рұқсат етілген өзге де қызмет түрлерін көрсету үшін пайдалану (
зерделеу) қажет болатын өзге де құжаттарымен танысуға;

2) мемлекеттік органдарға және басқа да ұйымдарға актуарийлік қорытынды
әзірлеу (басқа да қызмет көрсету) үшін қажетті мәліметтер мен мәселелер
бойынша құжаттар беру туралы ресми сұраныс жіберуге;

3) тиісті шарттар (келісімдер) жасауға және басқа актуарийлерге немесе мамандарға жасалатын актуарийлік қорытынды шеңберінде жекелеген мәселелерді зерттеу мен талдауды тапсыруға құқылы.

15. А к т у а р и й :

1) Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына актуарийлік есептеулерді жүзеге асыруға, актуарийлік қорытынды жасауға және/немесе өзге де қызметтер көрсетуге тиісті шарт жасасу үшін негіз болып табылатын құжаттарды беруге;

2) актуарийлік қорытындыны және қажетті актуарийлік есептеу нәтижелерін, пайдаланылған әдістемелер мен актуарийлік рұқсат берулерге сипаттамаларды, тиісті негізделген деректерді және басқа да қолда бар материалдарды қоса бере отырып басқа ресми құжаттарды жасауға;

3) олар жасайтын шарттардың (келісімдердің), жасалатын актуарийлік қорытындының және өз қызметі туралы басқа да деректердің есебін уақтылы әрі т о л ы қ жү р г і з у г е ;

4) уәкілетті мемлекеттік органға актуарийлік есептеулердің нәтижелерін, олардың сипаттамаларын және қолда бар растау құжаттарының көшірмелерін қоса бере отырып, сақтандыру резервтерін қалыптастыру жөніндегі талаптарды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтамауы жөнінде өздері анықтаған фактілер туралы кейінге қалдырмай жазбаша нысанда хабарлауға;

5) уәкілетті мемлекеттік органға әзірленген актуарийлік қорытындылардың саны мен түрлері (өзге де қызмет түрлері), олар бойынша шағым талаптардың бар екендігі туралы әрбір жарты жылдық қорытынды бойынша ақпарат беруге;

6) актуарийлік қызметке байланысты барлық құжаттарды кемінде бес жыл с а қ т а у ғ а ;

7) сақтандыру құпиясы мен коммерциялық құпияны сақтауға міндетті.

16. Уәкілетті мемлекеттік орган актуарийден олар жасаған актуарийлік қорытындыға байланысты ақпаратты сұратуға құқылы.

17. Сақтандыру саласы (сыныбы) бойынша сақтандыру резервтерінің актуарийлік есептеулерін жүзеге асырудың жалпы методологиясы мен әдістемесі уәкілетті мемлекеттік органның тиісті нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады және реттеледі.

2-1. Тәуелсіз актуарийдің қызметі

Ескерту. 2-1-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 № 132 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

17-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы Ереженің 2-тарауында белгіленген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған

актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тартады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарийдің қызметіне қызметін осы актуарий тәуелсіз актуарий ретінде тексеру аяқталған күннен бастап күнтізбелік бір жыл ішінде тексерген тәуелсіз актуарийдің тексеру жүргізуіне жол берілмейді.

Ескерту. 17-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.02.2014 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17-2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарийдің қызметін тексеруді бір тәуелсіз актуарийде қатарынан бес жылдан астам емес жүргізеді.

17-3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы тәуелсіз актуарийді міндетті не бастама жасап тексеру үшін тартады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан тәуелсіз актуарий осы Ереженің 11-тармағына сәйкес алған құжаттар және мәліметтер уәкілетті мемлекеттік органға берілген құжаттармен және мәліметтермен салыстырылып тексеріледі.

Ескерту. 17-3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.02.2014 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17-4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарийдің қызметін міндетті тексеру есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша күнтізбелік жылда кемінде бір рет жүргізіледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарийдің қызметін міндетті тексеру осы Ереженің 9-тармағында көзделген актуарлық есептерге тексеру жүргізуді, сондай-ақ осы Ереженің 10-тармағында көзделген актуарлық қорытындыны қамтиды.

Ескерту. 17-4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.02.2014 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17-5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарийдің қызметін бастама жасап тексеру сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акционерлерінің, директорлар кеңесінің және (немесе) басқармасының бастамасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен тәуелсіз актуарий арасында тексеруді жүргізу шартында көзделген тексерудің нақты мақсаттарын, мерзімдерін және ауқымын ескеріп, жүргізіледі.

17-6. Тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарийдің қызметін тексеруінің нәтижелері, оның ішінде актуарлық есептердің шынайлығын тексеруі осы Ереженің 12-тармағының талаптарына сәйкес келетін актуарлық қорытынды нысанында ресімделеді.

Тәуелсіз актуарийдің актуарлық қорытындысы тексерілетін актуарийдің қызметі жөніндегі тәуелсіз актуарийдің пікірін қамтиды.

17-7. Тәуелсіз актуарийдің актуарлық қорытындысы осы Ереженің 1-2-қосымшасына сәйкес үштен кем емес данада ресімделеді және оған тәуелсіз а к т у а р и й қ о л қ о я д ы .

17-8. Тәуелсіз актуарийдің актуарлық қорытындысының бір данасын осы Ереженің 45-2-тармағының 1), 2), 4), 5), 6) тармақшаларына сәйкес құжаттарды қоса бере отырып тәуелсіз актуарий тексеру аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде, бірақ есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей уәкілетті мемлекеттік органға береді, бір данасы тәуелсіз актуарийде сақталады, ал қалған даналары сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына иелік етуге беріледі .

Уәкілетті мемлекеттік органға бір сақтандыру ұйымының штатында тұрған актуарийдің қызметін тексеру нәтижелері бойынша біреуден көп тәуелсіз актуарлық қорытынды ұсынылған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік орган неғұрлым консервативтік есебі бар актуарлық қорытындыны қабылдайды.

Ескерту. 17-8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.02.2014 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17-9. Осы Ереженің мақсатында Заңның 11-1-бабының 6-тармағының 3) тармақшасына сәйкес тәуелсіз актуарийлер мүшелері мүмкін болатын актуарийлердің халықаралық қауымдастықтары (бұдан әрі - қауымдастық) м ы н а л а р :

- 1) Халықаралық актуарлық қауымдастық (International actuarial association);
- 2) Консультатив Тобы (Groupe Consultatif).

17-10. Тәуелсіз актуарий мүшесі болып табылатын қауымдастық мына талаптарға сәйкес келеді:

- 1) білім алу-біліктілік жүйесі бар болуы;
- 2) қауымдастық мүшелерінің білім алу-біліктілік жүйесі қауымдастықтың білім алу-біліктілік жүйесіне сәйкес келуі бойынша талаптар бар болуы не оны тану бойынша ереже бар болуы;
- 3) актуарийлер қызметінің мәселелері бойынша құжаттар бар болуы (актуарийлер қызметінің және актуарлық есептерді жүзеге асырудың стандарттары, кәсіби этиканың кодексі және өзге құжаттар).

3. Лицензия беру тәртібі

18. Уәкілетті мемлекеттік органға лицензия алу үшін мыналар өтініш беруге қ ұ қ ы л ы :

1) жоғары білімі және осы Ереженің 19-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген бағдарлама бойынша оқуға қатысқан жеке тұлға;

2) актуарий деген мәртебесі бар және Актуарийлердің Халықаралық Қауымдастығының толық мүшесі деген мәртебесі бар актуарийлер қауымдастығының (қоғамның немесе өзге де бірлестіктің) мүшесі (толық мүшесі) болып табылатын жеке тұлға;

3) осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес Актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасына қатысты әрбір курсы бойынша 80%-дан кем емес рейтингі бар "Актуарий" мамандығы бойынша іскерлік басқару магистрінің дипломы бар жеке тұлға;

4) осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес көзделген Актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасына қатысты курс бойынша 80 %-дан кем рейтингісі бар "Актуарий" мамандығы бойынша іскерлік басқару магистрінің, "Қаржы" мамандығы бойынша "Актуарий" мамандығының экономика және бизнес магистрінің дипломы бар, бірақ осы Ереженің 5-қосымшасында көзделген ең төменгі бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ететін ұйымда осы курсты ойдағыдай тапсырған жеке тұлға.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.11.27. N 320, 2007.11.30. N 254 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2010.03.01 N 23; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.02.2014 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

19. Лицензия алу үшін уәкілетті мемлекеттік органға мынадай құжаттар ұсынылады:

1) осы Ереженің 1-1 қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш;

2) осы Ереженің 4-қосымшасына сай нысан бойынша лицензия алуға өтініш беруші (бұдан әрі - өтініш беруші) туралы мәліметтер;

3) жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;

4) жоғары білім туралы дипломның нотариат куәландырған көшірмесі;

5) < * > ;

б) лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

6 - 1) алынып тасталды;

7) лицензия алуға өтініш берушінің актуарийлерді оқытудың актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасы бойынша (бұдан әрі - ең төменгі бағдарлама) оқуға қатысқанын және тиісті емтихандарды сәтті тапсырғанын куәландыратын құжаттардың көшірмелері N 5 қосымшада көрсетілгендер тізбесіне сәйкес (осы Ереженің 18-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдар үшін).

№ 5 қосымшада көзделген ең төменгі бағдарламаны орындауды қамтамасыз ететін ұйымдардың Қазақстан Республикасында актуарийлерді оқытуға құқығы бар ;

8) актуарийдің мәртебесін, актуарийлер қауымдастығына (қоғамына немесе өзге де бірлестікке) мүшелігін (толық мүшелігін) және осы қауымдастықтың Актуарийлердің Халықаралық Қауымдастығының толық мүшесі ретінде мәртебесін растайтын құжаттардың көшірмелері (осы Ереженің 18-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген адамдар үшін);

9) тиісті актуарийлер қауымдастығының (қоғам немесе өзге де бірлестіктің) ұсыным хаты (осы Ереженің 18-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген адамдар үшін) ;

10) дипломға қосымшаны ұсына отырып, "Актуарий" мамандығы бойынша іскерлік басқару магистрі дипломының немесе "Қаржы" мамандығы бойынша "Актуарий" мамандығының экономика және бизнес магистрі дипломының көшірмесі (осы Ереженің 18-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін) .

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.02.16. № 38, 2004.11.27. № 320, 2005.05.28. № 153 (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.04.30. № 119 (қаулы "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңы қолданысқа енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.11.30. № 254 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2010.03.01 № 23; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.02.2014 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

19-1. Уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясын алған актуарий он күнтізбелік күн ішінде уәкілетті мемлекеттік органды растаушы құжаттарды қоса беріп, осы Ереженің 19 тармағының 2), 3), 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттардағы өзгерістер туралы хабардар етеді.

Ескерту. 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. № 119 (қаулы "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңы қолданысқа енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2010.12.27 № 184 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

20. Уәкілетті мемлекеттік органға толық құжаттар жинағының осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес түскен күні лицензия беруге арналған құжаттарды ұсыну күні болып есептеледі.

21. Егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмеген болса, шетелдік ұйымдардан шығатын құжаттар нотариат куәландыра отырып мемлекеттік тілге немесе орыс тіліне аударылуы және Қазақстан Республикасының консулдық мекемелерінің заңдастырылуы тиіс.

22. Лицензия алуға өтініш беруші өздері ұсынған құжаттардағы мәліметтердің шынайы және толық болуына жауап береді.

23. Лицензия беру туралы өтінішті уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімде қарауы тиіс.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.04.30. N 119 (қаулы "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңы қолданысқа енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

23-1. Өтініш беруші Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарын білуіне тестілеуден өткеннен кейін оған сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыруға лицензия беріледі.

Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарын білуіне тестілеуді уәкілетті мемлекеттік орган 30 сұрақ бойынша 30 минут ішінде компьютерлік тестілеу нысанында жүзеге асырады. Тест сұрақтарында жауаптардың кемінде үш нұсқасы болуы және олардың біреуі д ұ р ы с б о л у ы т и і с .

Тестілеу сұрақтарын уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы немесе оның орнындағы адам бекітеді.

Ескерту. 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

23-2. Уәкілетті мемлекеттік органның бөлімшесі өтініш берушіні (актуарийді) тестілеудің өткізілетін күні туралы жазбаша түрде хабардар етеді. Өтініш беруші (актуарий) дәлелді себептермен белгіленген мерзімде тестілеуден өту үшін келмеген жағдайда ол уәкілетті мемлекеттік органға келмей қалған себептерін және тестілеуден өту күнін көрсете отырып бұл жөнінде хабардар етеді.

Ескерту. 23-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

23-3. Тестілеу кезінде тестіленетін адаммен бірге бір бөлмеде тек уәкілетті мемлекеттік органның жауапты бөлімшесі қызметкерлерінің және қажет болса, аудармашының қатысуына ғана рұқсат етіледі.

Өтініш беруші (актуарий) тестілеуден өткен кезде қандай да бір жазбаша,

электрондық немесе басқа да ақпараттық материалдарды пайдалануға рұқсат етілмейді. Осы тармақта аталған талаптарды бұзу тестілеудің теріс қорытындыларына теңестіріледі.

Ескерту. 23-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

23-4. Өтініш беруші дұрыс жауаптардың кемінде 70 процентін алған жағдайда тестілеу қорытындылары оң деп саналады.

Өтініш беруші тестілеуден өткеннен кейін дереу қол қоя отырып тест қорытындыларымен танысады.

Ескерту. 23-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

23-5. Өтініш беруші тестілеу қорытындыларымен келіспеген жағдайда ол тестілеу рәсімі аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде уәкілетті мемлекеттік органға жазбаша түрде шағымдана алады.

Ескерту. 23-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

23-6. Апелляциялық комиссияның құрамы уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Ескерту. 23-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

23-7. Апелляциялық комиссия шағымды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны қарайды.

Ескерту. 23-7-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

23-8. Апелляциялық комиссияның мәжілісін өткізу үшін кворум Апелляциялық комиссияның Төрағасын (Төрағаның орынбасарын) қоса алғанда, Апелляциялық комиссия мүшелері санының кемінде үштен екісі құрайды.

Апелляциялық комиссияның әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Апелляциялық комиссияның шешімдері Апелляциялық комиссияның мәжілісіне қатысып отырған мүшелері санының жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда Апелляциялық комиссия Төрағасының дауысы не ол болмаған жағдайда Апелляциялық комиссия Төрағасы орынбасарының дауысы шешуші болып табылады.

Ескерту. 23-8-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы

ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

23-9. Апелляциялық комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді және ол екі дана етіп жасалып, оған осы мәжіліске қатысқан Апелляциялық комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Ескерту. 23-9-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

23-10. Апелляциялық комиссия мәжілісінің хаттамасын Апелляциялық комиссия мүшелерінің арасынан тағайындалатын хатшы жүргізеді.

Ескерту. 23-10-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

23-11. Апелляциялық комиссия шағымды қарау нәтижелері бойынша мына шешімдердің бірін қабылдайды:

тест қорытындыларын өзгеріссіз қалдыруға, ал шағымды қанағаттандырмауға ;

өтініш берушінің (актуарийдің) шағымын қанағаттандыруға және оны қайта тестілеуге жіберуге .

Ескерту. 23-11-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

23-12. Компьютерлік тестілеу қорытындылары теріс болған жағдайда өтініш беруші бұрын өткен тестілеу күнінен бастап бір айдан бұрын емес, бірақ соңғы он екі ай ішінде үш реттен артық емес тестілеуден өтуге арналған құжаттарды қайталап тапсырады .

Ескерту. 23-12-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

24. Лицензия N 6 қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

25. Лицензия беруден мынадай негіздемелер бойынша бас тартылады:

- 1) егер лицензия алуға өтініш беруші осы Ереженің 17-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;
- 2) егер осы Ереженің 18-тармағында көзделген барлық құжаттар ұсынылмаса;

3) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 60-бабы 1-тармағының 2)-4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша лицензияны айыру туралы деректер болса;

4) тестілеудің теріс қорытындысы болса.

Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005.05.28 N 153 (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.12.27 № 184 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2 6 . < * >

Ескерту. 26-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

27. Уәкілетті мемлекеттік орган өтініш берушіге бас тарту негіздерін көрсете отырып лицензия беруден бас тарту туралы хабарлайды.

2 8 . < * >

Ескерту. 28-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 38 қаулысымен.

2 9 . < * >

Ескерту. 29-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

30. Лицензияны қайта ресімдеу, лицензияның дубликатын беруді уәкілетті орган "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңында көзделген негіздеме мен тәртіп бойынша жүзеге асырады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 119 (қаулы "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңы қолданысқа енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

31. Лицензияны беру, қайта ресімдеу және лицензияның көшірмесін беру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде және тәртіппен лицензиялық алым төлейді.

32. Алынып тасталды - 2007.04.30. N 119 (қаулы "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңы қолданысқа енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулымен.

4. Лицензияның қолданылуын тоқтату және айыру

33. Уәкілетті мемлекеттік орган актуарийдің лицензиясын тоқтату немесе айыру туралы шешімді Заңда көзделген негіздер бойынша қабылдайды.

34. Лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешімде оның қолданылуын тоқтату мерзімі және Заңда көзделген негіздеме көрсетілуі тиіс.

35. Осындай шешім актуарийге жіберілген күннен бастап лицензияның қолданылуы тоқтатылған деп саналады.

36. Лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ақпарат уәкілетті мемлекеттік органның ресми басылымдарында жарияланады.

Ескерту. 36-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

37. Заңнаманы бұзу және лицензияның қолданылуын тоқтату үшін негіз болған өзге де жағдайлар жойылғаннан кейін актуарий заңдардың бұзылуын немесе лицензияның қолданылуын тоқтата тұру үшін негіз болып табылған өзге талаптарды жою фактісін растайтын құжаттарды қажет болғанда қоса бере отырып лицензияның қолданылуын тоқтату мерзімін қайта қарау не лицензияның қолданылуын тоқтатуға белгіленген мерзім біткенге дейін оның қолданылуын жаңарту туралы өтініш беруге құқылы.

Ескерту. 37-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 38 қаулысымен.

38. Актуарий лицензияның қолданылуын тоқтату үшін негіз болған жөнсіздіктер немесе өзге де жағдайлардың жойылғанын куәландыратын құжаттарды ұсынған кезде уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыру қызметіне қадағалауды жүзеге асыратын бөлімшесі өз қорытындысын әзірлейді, уәкілетті мемлекеттік орган соның негізінде лицензияның қолданылуын жаңарту туралы шешім қабылдауға құқылы.

Ескерту. 38-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 38 қаулысымен.

39. Уәкілетті мемлекеттік орган актуарийдің лицензияны тоқтата тұру мерзімін қайта қарау немесе лицензияны қолдануды жаңарту туралы өтінішін қарайды және өтініш пен актуарийдің бұзушылықтарды немесе лицензияны қолдануды тоқтата тұру үшін негіз болған өзге де талаптарды жойғанын растайтын құжаттар ұсынылған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде тиісті шешім қабылдайды.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.02.2014 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40. Уәкілетті мемлекеттік органның лицензияны айыруы туралы шешімінде оны айыру негізі көрсетілуі тиіс.

41. Уәкілетті мемлекеттік органның актуарийдің лицензиясын айыру туралы шешімі мұндай шешімді актуарийге жіберген күннен бастап күшіне енеді. Лицензияны айыру туралы ақпарат уәкілетті мемлекеттік органның ресми басылымдарында жарияланады.

Ескерту. 41-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.04.30. N 119 (қаулы "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңы қолданысқа енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

5. Біліктілік комиссиясы <*>

Ескерту. 5-тарау (42-45-тармақтар) алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

5-1. Біліктілік емтиханы

Ескерту. 5-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 38 қаулысымен.

45-1. Актуарий лицензия берілген күннен бастап әр үш жыл сайын осы Ереженің 5-қосымшасына сай ең төменгі бағдарламаға сәйкес қажетті білім деңгейі мен біліктілігінің бар екенін растайтын біліктілік емтиханын тапсырады. Біліктілік емтиханынан өту үшін беретін өтініш осы Ереженің 7 қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

Біліктілік емтиханы 40 сұрақ бойынша 60 минут ішінде өтеді.

Тест сұрақтарында жауаптардың кемінде бес нұсқасы болуы және олардың біреуі дұрыс болуы тиіс.

Тестілеуден өту рәсімі осы Ереженің 23-2, 23-3-тармақтарына сәйкес өтеді.

Тестілеу сұрақтарын уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы немесе оның орнындағы адам бекітеді.

Ескерту. 45-1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.04.30. N 119 (қаулы "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңы қолданысқа енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.03.01 N 23 Қаулыларымен.

45-2. Актуарий лицензияны алған не бұрынғы біліктілік емтиханынан өткен сәттен бастап үш жылдық мерзім аяқталғаннан кейін екі ай ішінде уәкілетті мемлекеттік органға осы Ереженің 7-қосымшасына сай нысан бойынша өтінішпен хабарласады.

Актуарийдің өтінішіне мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның көшірмесі;
- 3) бұрынғы біліктілік емтиханының тапсырылғаны туралы мәліметтер;
- 4) барлық растайтын құжаттармен қоса (қызмет көрсету шарттарының көшірмелері, актуарийлік қорытындылардың көшірмелері) сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру жөніндегі ақпарат.

5) біліктілік емтиханын тапсыру туралы өтінішті беру сәтіне актуарийлердің тиісті қауымдастығында (қоғамында немесе өзге де бірлестікте) оның мүшелігін (толық мүшелігін) растайтын құжаттар;

6) ол мүше (толық мүше) болып табылатын актуарийлердің тиісті қауымдастығының (қоғамының немесе өзге де бірлестіктің) не мемлекеттік қадағалау органының актуарийдің соңғы екі жыл ішінде заңдарды бұзуының және санкциялардың болмауы жөніндегі хаты.

5) және 6) тармақшалардың талаптары тек актуарий мәртебесі бар және Актуарийлердің Халықаралық Қауымдастығының толық мүшесі деген мәртебесіне ие актуарийлер қауымдастығының (қоғамның немесе өзге де бірлестіктің) мүшелері (толық мүшелері) болып табылатын актуарийлерге ғана қолданылады.

Актуарий көрсетілген мерзім ішінде хабарласпаған жағдайда актуарий біліктілік емтиханын тапсырмаған деп саналады.

Ескерту. 45-2-тармаққа толықтырулар енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.11.27 N 320, 2010.03.01 N 23 Қаулыларымен.

45-3. Біліктілік емтиханын өткізу сәтіне лицензияның қолданылуы тоқтата тұрылған актуарийге, актуарий лицензиясының қолданылуы актуарийдің бұрынғы біліктілік емтиханын тапсырмауы нәтижесінде тоқтата тұрылған жағдайды қоспағанда, біліктілік емтиханынан өтуге рұқсат берілмейді.

4 5 - 4 . < * >

Ескерту. 45-4-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

45-5. Актуарийді тестілеу осы Ереженің 5-қосымшасына сай актуарийлерді оқытудың ең төменгі бағдарламасында көзделген тақырыптар бойынша өткізіледі.

45-6. Актуарий осы Ереженің 19-тармағы 7)-тармақшасының екінші абзацында көрсетілген ұйымдарда тестілеуден өте алады. Мұндайда, актуарий уәкілетті мемлекеттік органға тестілеу қорытындылары көрсетілген, аталған орган берген тестілеуден өтуін куәландыратын құжатты ұсынады.

45-7. Тест сұрақтарына дұрыс жауаптардың кемінде 60 процентін алған жағдайда біліктілік емтиханының қорытындылары оң деп саналады.

Актуарий тестілеуден өткеннен кейін дереу қол қоя отырып тест қорытындылары мен танысады.

Уәкілетті орган актуарий мәртебесі бар және Актуарийлердің Халықаралық Қауымдастығының толық мүшесі деген мәртебесіне ие актуарийлер қауымдастығының (қоғамның немесе өзге де бірлестіктің) мүшесі (толық мүшесі) болып табылатын актуарийдің біліктілік емтиханын тапсырғаны немесе тапсырмағаны туралы шешімді олар осы Ереженің 45-2-тармағында көрсетілген барлық құжаттарды тапсырған жағдайда компьютерлік тестілеуді өткізбестен қабылдай алады.

Ескерту. 45-7-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

45-8. Актуарий біліктілік емтиханын тапсырмаған жағдайда ол біліктілік емтиханынан өту үшін бұрынғы біліктілік емтиханынан өткен күннен бастап кемінде 30 күнтізбелік күннен, бірақ 45 күнтізбелік күннен кешіктірмей, бірақ соңғы он екі ай ішінде үш реттен астам емес құжаттарды қайта ұсынады.

Актуарий көрсетілген мерзім ішінде хабарласпаған жағдайда, ол біліктілік емтиханын қайталап тапсырмаған деп танылады.

Ескерту. 45-8-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

45-9. Актуарий біліктілік емтиханын қайта тапсырмаған жағдайда (күнтізбелік жыл ішінде қатарынан екі рет) лицензиясының қолданылуы актуарийдің біліктілік емтиханын сәтті тапсырғанын растайтын құжат тапсырылғанға дейінгі мерзімге тоқтатылады.

45-10. Актуарий біліктілік емтиханының қорытындысымен келіспеген жағдайда ол тестілеу рәсімі аяқталғаннан кейін уәкілетті органға шағыммен хабарласады. Апелляциялық комиссияның жұмыс тәртібі мен талаптары осы Ереженің 23-6 - 23-11-тармақтарына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 45-10-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы

ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

6. Қорытынды ережелер

46. Уәкілетті мемлекеттік органның шешіміне лицензия алуға өтініш беруші, актуарий шешім қабылдағаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде уәкілетті мемлекеттік органның жоғары органына не сотқа шағым жасауына болады.

Ескерту. 46-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005.05.28 N 153 (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.12.27 № 184 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен

47. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

Төраға

Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын тоқтату және айыру, актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы, тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға актуарлық есеп айырысулардың дұрыстығын тексеру нәтижелерін беру ережесіне 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 № 132 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 38 қаулысымен, 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз), ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Актуарийлік қорытындының

үлгі нысаны

Актуарийлік қорытынды

1. Сақтандыру ұйымы туралы деректер:

1) Толық атауы: _____

2) Мекен-жайы және банктік деректемелері: _____

3) Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәлік: _____

(номері және берген күні)

4) Сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензия: _____

(номері және берген күні)

2. Актуарий туралы деректер:

1) Аты-жөні: _____

2) Тұрғылықты жері (мекен-жайы): _____

3) Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүргізуге берілген
л и ц е н з и я :

(номері және берген күні):

3. Актуарийлік қорытындының түрі:

1) міндеттілік дәрежесі бойынша- _____

2) сақтандыру саласы (сыныбы) бойынша - _____

3) жасау мақсаты бойынша - _____

4) қолданылу масштабы бойынша - _____

4. Актуарийлік есептерді әзірлеу негізі _____

(шарт, шарттың номері және жасалған күні)

5. Актуарийлік зерттеудің мәні (белгіленген міндеттердің тізбесі)

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары берген құжаттардың
(деректердің) тізбесі _____

7. Актуарий қолданған басқа материалдар мен деректер (олардың
көздері және/немесе алынған орны) _____

8. Актуарий қолданған есептеулер әдісі _____

9. Алынған нәтижелер мен қорытындылар _____

10. Ұсыныстар (болған жағдайда) _____

11. Актuariйлік қорытындыны әзірлеу мерзімі және жасау орны _____

12. Қолы, күні және дана саны _____

Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын тоқтату және айыру, актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы, тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға актуарлық есеп айырысулардың дұрыстығын тексеру нәтижелерін беру ережесіне 1-1-қосымша

Ескерту. 1-1-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 № 132 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. 1-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 119 (қаулы "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңы қолданысқа енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Актuariйлік қызметті жүзеге асыру үшін лицензия беру туралы

Ө т і н і ш

_____ (уәкілетті мемлекеттік органның толық атауы)

_____ (жеке тұлғаның фамилиясы, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))

Сақтандыру рыногында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беруіңізді сұраймын

Жеке тұлға туралы мәліметтер:

1. Туған жылы _____

2. Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері

_____ (сериясы, нөмірі, берілген күні, құжатты берген орган атауы)

3. Білімі _____
(бітірген жылы, мамандығы)

_____ (оқу орнының атауы)

4. Тұратын орны _____

5. Жұмыс орны қызметі _____

6. Телефон нөмірі (қаланың коды, жұмыс және үйдікі) _____

7. Ұсынылатын құжаттар: _____

Актуарий өтінішке қоса берілетін құжаттардың (ақпарат) шынайылығына
толық жауап береді

_____ (қолы) _____ (фамилиясы, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))

"__" _____ 200__ жыл"

Сақтандыру рыногында актуарийлік
қызметті жүзеге асыру, актуарийлік
қызметті жүзеге асыруға лицензия
беру, қолданылуын тоқтату және
айыру, актуарийлердің біліктілік
емтиханын тапсыру тәртібі туралы,
тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз
актуарийдің қаржы нарығын және
қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау
жөніндегі уәкілетті мемлекеттік
органға актуарлық есеп айырысулардың
дұрыстығын тексеру нәтижелерін беру
ережесіне 1-2-қосымша

Ескерту. 1-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 № 132 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Тәуелсіз актуарийдің актуарлық қорытындысы

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы туралы деректер:

1) толық атауы: _____
_____;

2) орналасқан орны және банктік деректемелері: _____
_____;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәлік: _____
_____;

(беру нөмірі мен күні)

4) Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензия: _____.

(беру нөмірі мен күні)

2. Тәуелсіз актуарий туралы деректер:

1) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): _____;

2) тұру орны (орналасқан орны): _____;

3) сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүргізуге берілген лицензия: _____
_____.

(беру нөмірі мен күні)

3. Тексеру түрі (міндетті, бастама бойынша): _____.

4. Актуарлық есептерді дайындау негіздері: _____
_____.

(шарт, шартты жасасу нөмірі мен күні)

5. Актуарлық тексерудің мәні (тиісті мақсаттардың тізбесі): _____
_____.

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы берген құжаттардың (деректердің) тізбесі: _____
_____.

7. Тәуелсіз актуарий қолданған басқа материалдар мен деректер (олардың көздері және (немесе) оларды алу орны): _____
_____.

8. Тәуелсіз актуарий қолданған есептеу әдістемесі: _____
_____.

9. Алынған нәтижелер мен қорытындылар: _____
_____.

10. Ұсынымдар (бар болса): _____.

11. Актуарлық қорытындыны дайындау мерзімі мен жасау орны: _____
_____.

12. Қойылған қолы, күні және актуарлық қорытынды данасының саны:

Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын тоқтату және айыру, актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы ережеге

№ 2 қосымша

Ескерту: 2-қосымша алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. № 119 (қаулы "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңы қолданысқа енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын тоқтату және айыру, актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы ережеге

№ 3 қосымша

Ескерту. Қосымша алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы № 153 қаулысымен (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын тоқтату және айыру, актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы, тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға актуарлық есеп айырысулардың дұрыстығын тексеру нәтижелерін беру ережесіне 4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі

Басқармасының 2010.09.03 № 132 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 153 (қолданысқа ену тәртібін 2-тармақтан қараңыз) атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 119 (қаулы "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңы қолданысқа енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

|-----|
 | |
 | Ө т і н і ш |
 | и е с і н і ң |
 | с у р е т і |

Актуарийлік қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға өтініш иесі туралы мәліметтер

1. Жалпы мәліметтер:

Тегі, аты, әкесінің аты	_____ _____ (жеке куәлігімен (төлқұжатымен) толық сәйкестігі, тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, көрсетілсін: қашан және қандай себеппен олар өзгертілді)
Туған күні мен жері	
Тұрғылықты мекен-жайы, телефон нөмірлері	_____ _____ (елді мекеннің кодын қоса отырып, толық мекен-жайы, қызмет, үй, байланыс телефондарының нөмірлері көрсетілсін)
Азаматтығы	
Жеке басын куәландыратын құжаттың толық деректемелері	

Сақтандыру ұйымдарында немесе олармен аффилиирленген ұйымдарда жұмыс істейтін жақын туысқандары, туыстары туралы мәліметтер:

N	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Туыстық немесе жақындық түрі көрсетілсін	Жұмыс және орны лауазымы
1				

2				
3				

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуы:

N	Атауы және тұратын жері	Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері	Сіздің қатысу сомаңыз бен үлесіңіз
1			
2			
3			

2. Кәсіби деректері:

Білімі	<p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>(оқу орнының, факультеттің немесе бөлімнің атауы мен тұратын жері, оқыған кезеңі, берілген біліктілігі, білімі туралы дипломның деректемелері (күні, нөмірі) көрсетілсін)</p>
Актуарийдің біліктілік емтихандарын тапсырғандығы туралы мәліметтер	Емтихан тапсырған күні, емтихан тапсырғандығын растайтын құжат
Қосымша білімі, оның ішінде жұмыс істейтін саласында біліктілігін көтеру курстары, ғылыми дәрежелері	<p>_____</p> <p>_____</p> <p>(оқу орнының атауы мен тұратын жері, оқыған кезеңі, білімі туралы дипломның, сертификаттың, куәліктің деректемелері)</p>
Қаржылық қызмет көрсету саласындағы, оның ішінде жұмыс істеуге ниетті саласындағы жұмыс тәжірибесі	<p>_____</p> <p>_____</p> <p>(қаржы ұйымдарында істеген, аудитор, қызмет түрі бойынша бухгалтер қызметін атқарған жылдардың саны көрсетілсін)</p>
Жетістіктері	<p>_____</p> <p>_____</p> <p>(осы мәселе бойынша ақпарат, мысалы, ғылыми жарияланымдарының атауы, ғылыми әзірлемелерге, заң жобаларына қатысуы көрсетілсін)</p>
Кәсіби ұйымдарға мүшелігі	<p>_____</p> <p>_____</p> <p>(Осы мәселе бойынша ақпарат, мысалы, Актуарийлер қоғамы, Аудиторлар палатасы көрсетілсін)</p>
Осы мәселеге қатысы бар басқа ақпарат	<p>_____</p> <p>_____</p> <p>(Өтініш берушінің кәсіби құзыреттілігін сипаттайтын ақпарат көрсетіледі)</p>

Еңбек жолы туралы мәліметтер:

N	Жұмыс істеген кезеңі	Ұйымның, атқарған қызметінің және лауазымдық міндеттерінің ұйымның координаттары
1		
2		
3		

Мен (өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты), _____, осы ақпаратты мұқият тексергенімді және дұрыс әрі толық болып табылатындығын растаймын, және мен берген күмәнді мәліметтердің болуы актуарийлік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияны айыру үшін негіз болып табылатындығын мойындаймын.

_____ (қолы, күні).

Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын тоқтату және айыру, актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы, тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға актуарлық есеп айырысулардың дұрыстығын тексеру нәтижелерін беру ережесіне 5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 № 132 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. 5-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004.02.16. N 38, 2004.11.27. N 320, 2005.05.28. N 153, 2006.08.12. N 154, 2007.11.30. N 254 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2010.03.01 N 23 Қаулыларымен.

Актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасы

Актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасы алты курстен тұрады, олардың әрқайсысы бойынша жеке емтиханы болады.

Алғашқы екі курсы базалық және 2001 жылдың 1 маусымынан бастап міндетті болып табылады, ал кейінгі төртеуі - арнайы және міндетті: үшінші және төртінші курстар - 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап, бесінші және алтыншы курстар - 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті.

курстардың тақырыбы және курстардың мазмұнында қосылған бөлімдердің ең төменгі тізбелеріне кіреді:

1-курс. Проценттік ставкалар теориясы және өмірді сақтандырудағы кездейсоқ процестер

- 1) Жай және күрделі проценттер негіздері
- 2) Аннуитеттер құрудың принциптері
- 3) Займдар және оларды өтеу кестелері
- 4) Борыштық бағалы қағаздар
- 5) Адам өмірі ұзақтылығының кестесі
- 6) Адам өмірін сақтандыру бойынша аннуитеттер
- 7) Бірнеше тұлғаның өмірін сақтандыру теориясы
- 8) Зейнетақылар

2-курс. Актуарийлік принциптер және олардың қосымшалары

- 1) Адам өмірін және бір адамның денсаулығын сақтандыру
- 2) Адам өмірін және денсаулықты топтап сақтандыру
- 3) Мүгедектікті сақтандыру
- 4) Жалпы сақтандыру
- 5) Қайта сақтандыру
- 6) Зейнетақы
- 7) Әлеуметтік сақтандыру
- 8) Инвестициялар

3-курс. Жалпы сақтандыру және қайта сақтандыру

- 1) жалпы сақтандыру принциптері
- 2) Сақтандыру өнімдерін жасау
- 3) Андеррайтинг
- 4) Сақтандырудағы баға белгілеу
- 5) Сақтандыру резервтері
- 6) Пайда функциялары
- 7) Нақтылық теориясы
- 8) Қайта сақтандыру және олардың түрлері

4-курс. Адам өмірін және денсаулықты сақтандыру

- 1) Бір адамның өмірін сақтандыру
- 2) Сақтандыру өнімдері мен андеррайтингті құру

3) Баға белгілеу: сақтандыру сыйлықақыларын есептеудің әртүрлі әдістері

4) Сақтандыру резервтерін қалыптастыру әдістері

5) Медициналық сақтандыру

6) Баға белгілеу және медициналық сақтандыруда сақтандыру резервтерінің қалыптасуы

7) Адам өмірін және денсаулықты топтап сақтандыру

8) Шағымдар бойынша шығыстарды бағалау және сақтандыру сыйлықақыларын есептеу

9) Адам өмірін және денсаулықты топтап сақтандыру кезіндегі сақтандыру резервтері

5-курс. Зейнетақымен қамтамасыз ету және әлеуметтік сақтандыру

1) Зейнетақы жинақтары принциптері

2) Зейнетақы бағдарламалары: мемлекеттік және жеке

3) Жарналары мен төлемдері белгіленген зейнетақы жоспарлары

4) Төлемдері белгіленген зейнетақы жоспарларының түрлері

5) Төлемдері белгіленген зейнетақы жоспарларын қаржыландыру

6) Жарналары белгіленген зейнетақы жоспарларының түрлері

7) Жарналары белгіленген зейнетақы жоспарлары бойынша төлемдер

8) Жарналары мен төлемдері белгіленген зейнетақы жоспарларындағы тәуекелдерді бағалау

9) Әлеуметтік сақтандыру принциптері

10) Әлеуметтік сақтандыру жүйелерінің түрлері

11) Әлеуметтік сақтандыруды қаржыландыру әдістері

12) Басымдықтарға салыстырмалы талдау және әлеуметтік сақтандыруды қаржыландырудың әртүрлі әдістерінің құнын бағалау

6-курс. Сақтандыру ұйымдары және зейнетақы қорлары: қаржыландыру және инвестициялау

1) Инвестиция түрлері: акциялар, кірісі белгіленген бағалы қағаздар, валюта рыноктарының құралдары және туынды құралдар

2) Тәуекел және табыстылық

3) Сақтандыру ұйымдарының, зейнетақы қорларының, трастық әлеуметтік сақтандыру қорларының активтері мен инвестициялары

4) Сақтандыру ұйымдарының инвестициялық тәуекелдері

5) Сақтандыру ұйымдарына арналған қаржылық жоспарлау: активтер мен міндеттемелердің арақатынасы

6) Сақтандыру ұйымдарын капиталдандыруға талаптар

7) Сақтандыру және сақтандыру қызметі, салық салу, сақтандыру рыногындағы бухгалтерлік есеп бойынша заңнама

Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын тоқтату және айыру, актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы, тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға актуарлық есеп айырысулардың дұрыстығын тексеру нәтижелерін беру ережесіне 6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 № 132 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 119 (қаулы "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңы қолданысқа енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

елтаңбасы

Уәкілетті мемлекеттік органның толық атауы
Актуарийлік қызметті жүзеге асыруға берілетін

ЛИЦЕНЗИЯ

Лицензияның N__лицензияның берілген күні 200_ жылғы "___"_____

Осы лицензия сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыруға: _____

(фамилиясы, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))
қ ұ қ ы қ т а р б е р е д і .

Актуарийлік қызметті жүзеге асыруға алғаш рет берілген лицензия
т у р а л ы д е р е к т е р

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

Төраға (Төрағаның орынбасары)

М ө р д і ң о р н ы

Алматы қаласы".

Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын тоқтату және айыру, актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы, тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға актуарлық есеп айырысулардың дұрыстығын тексеру нәтижелерін беру ережесіне 7-қосымша

Ескерту. 7-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 № 132 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. 7-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 119 (қаулы "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңы қолданысқа енген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Біліктілік емтиханын тапсыру жөніндегі өтініш

Мен, _____

— — — — —
(актуарийдің фамилиясы, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))

Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес мені біліктілік емтиханын тапсыруға жіберуді сұраймын.

Мен өтінішіме қоса берілген құжаттардың шынайылығына толық жауап беремін, сондай-ақ уәкілетті органға ұсынылатын қосымша ақпаратты және өтінішімді қарауға байланысты сұратылатын құжаттарды уақтылы беруді м і н д е т і м е а л а м ы н .

Өтінішке мыналарды қоса беремін:

Актуарий _____

(күні, қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК